

# ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ Қостанай таңы

www.kostanaytany.kz



1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

e-mail: kostanaytany@mail.ru

19 мамыр 2015 ж.

сейсенбі

№52 (18261)

## ● КЕЗДЕСУ



## Елдестірмек елшіден...

**Гүлназым  
САФИТОВА**

Облыс орталығындағы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасындағы Индонезия Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Фостер Гултон мырзамен кездесу болып өтті. Кездесу аясында Елші мырза Қостанай өңірінде 2013 жылы Қазақстандағы Елшілер корпусының құрамымен болғандығын айтып өтті. Ендігі келудегі іс-сапарының мақсаты ең алдымен екі мемлекет ара-

сындағы өзара достық, ынтымақтастықты арттыру, академиялық сала бойынша жұмысты жандандыру және тәжірибе алмасу, бизнес өкілдерімен кездесу. Фостер Гултон мырза Индонезияның білім саласындағы жаңалықтарымен бөлісті. Әңгіме барысында А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ университет ректорының ғылыми жұмыс және сыртқы байланыс жөніндегі проректоры Ж.Жарылғасов жоғары оқу орнының бүгінгі таңдағы білім беру, мәдени, құзыреттілік кадрлық өлеуеті, мамандар үш деңгейлі-бакалавриат-магистратура-докторантура PhD

бойынша даярланатынын, сол секілді университет республикамыздағы индустриаландырудың екінші бесжылдығы аясында кадрларды оқытуға іріктеліп алынған 10 қазақстандық ЖОО-ның бірі екенін айтты. Кездесу соңында Индонезия Республикасы елшілігінің өкілдері сол елдің мәдениетімен таныстыру мақсатында шағын концерттік бағдарлама ұсынды.

**СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс.  
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

## ● ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

### Шенеуніктер неге шеттетілді?

**Айбек  
КӘДІРҰЛЫ**

Қостанай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Виктор Панин үйден оқитын мүгедек балаларға материалдық қолдау көрсету және жасы 18-ге дейінгі жасөспірімдерге мемлекеттік жәрдемақы тағайындау барысында азаматтардан басы артық құжат сұратып, әуре-сарсаңға салып қойған. Ал мұндай әрекет мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына қайшы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттік жанындағы тәртіптік кеңес мүшелері жағдайды жіті тексеріп, ар-намыстан аттаған В.Панинге сөгіс беруге ұсыныс жасады.

Осы аудандағы тағы бір шенеунік аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Марат Темірбаев та заңды белінен басқан. Ол жер телімін иелену құқығы мен жекеменшіктің қарамағына сатылатын жер телімінің кадастрлық құнын бекітер кезде тұрғындардан құжаттарды толық жинамаған.

2-бет

## Баспасөз — 2015

**"Қостанай таңы" — сенің газетің  
оған 2015 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр**

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы жыл басынан өзгеріссіз қалады, яғни:

— жеке оқырмандарға жазылу бағасы:  
6 айға — 1900 теңге.

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға — 2100 теңге.

— Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға — 1750 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта"



бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54679

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54680

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54681

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54682

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54683

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54684

## Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне арналған облыстық байқау жарияланды

Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай облыстық, қалалық, аудандық БАҚ журналистері арасында облыстық байқау өткізеді.

Байқау 3 кезең бойынша өткізіледі: материалдарды тапсыру (2015 жылғы 10 маусымға дейін), байқау комиссиясының жұмысы (2015 жылғы 10 маусымнан бастап 20 маусымға дейін), байқау қорытындыларын шығару (2015 жылғы 20 маусымға дейін).

Конкурсқа қатысуға өтінімдер тиісті құжаттар қоса тіркелген арнайы нысан бойынша Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасына тапсырылады. Толық ақпаратты <http://www.sayasat.kostanay.gov.kz/> сайтынан алуға болады.

## Қырылған киіктер саны 5400-ге жетті

Махаббат БЕКБАЙ

Осыдан бір апта бұрын киіктер қырыла бастаған еді. Ол кезде 1000 бас есептелген еді. Ал демалыс күндерінде бұл көрсеткіш 5 мыңнан асып түсті. Жануарлардың өлексесін санау әлі де жүргізілуде.

Олардың өліміне пастерелез инфекциясы себеп деген алдын ала болжам жасалып отыр. Бүгінгі күні облыс әкімінің орынбасары Бабыл Жақыпов басқарған арнайы комиссия құрылды. Оның құрамына кірген тиісті мекемелер қызметкерлері оқиға орнында тексеру, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Мамандар киіктер қырылуының нақты себебін табу қажет дейді. Содан кейін киіктердің жаппай қырылуына тосқауыл жасау мүмкін болады. Сонымен қатар аталмыш инфекцияның одан әрі таралуының алдын алу шаралары жүргізілуде. "Алтын дала" қорына бүгінгі күні 30-ға жуық техника жұмылдырылған.

Мұндай оқиға осыдан екі-үш жыл бұрын болды. Қыстан әлсіреп шыққан жануарлар жаппай қырылған болатын. Бірақ дәл бүгінгідей көрсеткішке жетпеген еді.

## Өліге құрмет, тіріге міндет

Қостанай қалалық мешітінің құзырына қарасты "Красный Партизан" елді мекеніндегі "Қонай" зираты мен әуежай бағытында орналасқан "Қазақ зиратында" ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді. Ең әуелі құтты мекендерінде тыныстап жатқан марқұмдарға Құран бағышталды. Бұл үлкен шараның кең көлемде ұйымдастырылуына ұйтқы болған Қостанай қаласы әкімінің үлкен көмегі тиді. Айталық, "Қонай" зиратын абаттандыруға 40 кісі және үш үлкен жүк көлігі, бір трактор, адам таситын екі үлкен автобус берілді. Әуежай бағытындағы "Қазақ зиратына" да жиырма адам, үш жүк көлігі, бір трактор, бір адам таситын автобус жұмылдырылды. Бұл қызметтің басы қасында жүрген "АБЗ плюс", ТКШ, "Экол" ЖШС, "Вестор" ЖШС секілді мекемелерді ерекше айтуға болады.

Қостанай қалалық мешітінің жамағаты, сондай-ақ мешіттің ақсақалдар алқасы қала әкімі Ахметжан Масақбайұлына және сол жерде тер төгіп, жұмыс істеп, қызмет еткен кісілерге де мешіт ұжымы зор ризашылықпен алғыс білдірді.



## Шенеуніктер неге шеттетілді?

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ескі стандарттардың ережесін пайдаланғаны анықталды. Тәртіптік кеңес мүшелері М.Темірбаевқа да сөгіс беру туралы пәтуаға келді.

Жалпы, Қостанай ауданы әкімдігі қызметінен шеттетілген немесе жұмысынан өз еркімен кеткен мемлекеттік қызметкерлердің саны бойынша өшкімге дес берер емес. Мәселен, соңғы бір жылда барлық штаттағы шенеуніктердің 22%-ы өз еріктері-

мен қызметтерін босатқан. Соңғы үш жылдың бедерінде жүргізілген сараптаманың қорытындысы Қостанай ауданында мемлекеттік қызметкерлердің жұмыстан шеттетілгенін көрсеткен. Аудан бойынша 2014-2015 жылдар арасында 51 шенеунік қызметімен қош айтысыпты. Бұл туралы тәртіптік кеңес секретариатының меңгерушісі Асхат Іскендіров мәлімдеді. "Біздің облыста қалыптасқан проблемалардың бірі ол, мамандардың жиі ауысуы, – деді ол. – Өткен жылдың мау-

сым айынан бері әкімнің бір орынбасары, аппарат жетекшісі, аудан әкімі аппараты бөлімдерінің екі бірдей жетекшісі, төрт мекеме басшысы, селолық округтердің алты әкімі қызметтерінен кеткен". Бұл кезең ауданға Тәуба Исабаевтың әкім боп тағайындалуымен тұспа-тұс келеді.

Мемлекеттік қызметкерлердің жиі жұмыс ауыстыруына мемлекеттік сатып алу туралы, мемлекеттік қызмет көрсету заңнамаларын білмеуі басты себеп болып отырған тәрізді.

## "Айбын" орденімен наградталды

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мен Отан қорғаушылар күні қарсаңында өрт сөндіруші Кенжебек Бостанбаев III-дәрежелі "Айбын" орденімен наградталды. Наградтау рәсімі Астана қаласы ішкі істер министрлігі ғимаратында болды. Орденді Ішкі істер министрі генерал-полиция полковнигі Қалмұханбет Қасымов тапсырды.

Кенжебек Бостанбаев "Қостанай облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" Қостанай қалалық №1 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі қызметін атқарады.

ҚР Президенті наградтау туралы Жарлыққа 2015 жылдың 4 мамырында қол қойды. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен қатар қызметтік міндетін шебер орындағаны, ерлігі мен жанқиярлығы үшін берілді. Бұл жоғары марапат өрт сөндірушіге өрт кезінде екі жасқа дейінгі үш баланы және олардың аналарын құтқарып қалуда өз өмірін қатерге тігіп, батылдық танытқаны үшін тапсырылды. Өртке



қарсы қызмет аға сержанты Кенжебек Бостанбаев өртке қарсы қызмет органында 2009 жылдан бастап қызмет атқарады. Біздің батырымыз өз ісін қаһармандыққа баламайды, әр азамат та осылай істер еді, – дейді ол. – Бұл менің міндетім! Төтенше жағдайға тап болған адамдарды құтқару – біздің жұмысымыз! – деді Кенжебек Ерденбекұлы.


### ● ФУТБОЛ

## Ученің үш добы

Айбек КӘДІРҰЛЫ

Сенбі күні Қостанайдың "Тобылы" өз алаңында Талдықорғанның "Жетісуын" қабылдады. Матч күн райының қолайсыздығына байланысты 1 сағат кеш басталды. Бұл уақытта толассыз жауған бұршақ аралас жаңбырдан жасыл алаң тазартылып үлгерді.

Қос қарсылас арасындағы кездесу өте тартысты өтті. Әсіресе, алаң иелері "Жетісу" футболшыларын өз айып алаңдарына қарай тықсырып, жиі шабуылдарға жол ашты. Нәтижесі де жаман емес. Ойынның 37-ші минутында Огнен Красичтің берген пасын Уче Калу әдемі голға айналдыра білді. Бірінші тайм аяқталар тұста Калу тағы көзге түсті. "Жетісу" қақпашысымен бетпе-бет шыққан қостанайлық футболшы таблодағы есепті сөйтіп 2:0-ге жеткізді. Қонақтар да қарап қалмады. "Тобыл" қорғаушылары мен қақпадан тысқары шығып кеткен Александр Петуховтың қателігін бірден сезген



Душан Савич есе қайтарды. 71-ші минутта Уче Калу үшінші голдың авторы атанып, командаластарын жеңіске бастады. Маңызды үш ұпайға қол жеткізген жерлестеріміз турнир кестесінде 14

ұпаймен сегізінші орынға көтерілді. Енді қостанайлықтар 24 мамыр күні Көкшетауға қонаққа барады.

Суретті түсірген А. ЖҮЗБАЙ.

### ● КІТАП ӘЛЕМІНДЕ

## Шежіре – ұрпақ зердесі

Сәлім МЕНДІБАЙ

Халқымыз "Тегін тану – тектілік" дейді. Сондықтан да болар әр қазақ өз ұрпағына ата-текті білу, ұрпақ тазалығын сақтау мақсатында шежірені үйретеді. "Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын білер, жеті атасын білмеген құлағы мен жағын жер", "Жеті атасын білмеген – жетесіз" деген жүйелі сөздердің өзі көп жайтты аңғартса керек.

Жақында Қостанайдағы "Шапақ" баспасынан жарық көрген Тоқымбет ұрпақтары туралы шежіре кітапты парақтағанда халқымыздың осынау даналығы еріксіз көңілге оралды. 350-беттей көлемді кітапта тарихи-танымдық мақалалар мен деректер молынан қамтылған. Онда белгілі адамдар мен тарихи оқиғалар туралы сыр шертіледі.

Осы шежіре кітапты дайындап, баспадан шығарған Сұңқар қажы Оспанов ағамыздың сіңірген еңбегі орасан. Ұзақ жылдар бойы білім беру саласында тер төккен ол тірнектеп жинаған деректерін мұқият зерделеп, електен өткізіп, өңдеп, жүйелеп осынау туындыға топтастырған.

Кітап айшықты суреттермен безендіріліп, 1050 данамен жарық көрген.



## ● ЭКСПО – 2017

# Әзірлік – Әмірлік назарында

Жұматай  
КӘКІМЖАНОВ

**ТМД елдері арасында тұңғыш рет Қазақстанда ұйымдастырылғалы отырған ЭКСПО – 2017 көрмесі әлем назарында. Әсіресе, әлемдік көрмені 2020 жылы өз елдерінде өткізуді жоспарлаған Біріккен Араб Әмірлігі қазақстандықтардың әзірлігін қырағы бақылауға алған. Аталған елден арнайы келген мамандар ЭКСПО – 2017 өткізу кезіндегі техникалық жабдықтау және қауіпсіздік шаралары бойынша қазақстандықтардан ақыл-кеңес алуда.**

"Астана ЭКСПО – 2017" ұлттық компаниясы таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, шетелдіктердің қазақстандықтардан үйренері көп екен. Қазақстандық жобаны қызықтай келгендер сәулет пен құрылысқа да ерекше мән беріп отыр. Тіпті, осы бағытта отандық мамандармен келіссөздер жүргізуді де жоспарлапты. Жалпы алғанда, Елордасының маңында жүргізіліп жатқан құрылысқа төрт мыңнан астам адам жұмылдырылған. Олардың 90 %-ы ел азаматтары. Көрме кешенінің ғимараты BREEAM халықаралық эко-стандарттары бойынша сертифици-талған.

Керемет көрмені ұйымдастыру мәртебесіне ие болған елдердің арасында ЭКСПО-дан кейін ғимараттарын қалай кәдесіне жарата-



рын білмейтіндері көп. Мәселен, Оңтүстік Кореядағы Йосу қаласында көрмеге орайластырылып тұрғызылған кейбір ғимараттар қолдануға келмейді. Салдарынан ауқымды кешеннің тең жарымы қаңырап қалған. Астаналықтар болса ақша салынып тұрғызылған әрбір шаршы метрді кәдеге жаратуды ойластыруда. ЭКСПО – 2017 жобасына жүгінер болсақ, көрменің барлық нысандары қаланың бір бөлігіне айналуы тиіс. Көрме нысандарын жобалау кезінде осыған ерекше мән берілген. Мысалы, биіктігі 8 метр үй-жайлардың қабырғаларында қабатаралық консольдар қалдырылған, бұл оларды қалыпты кеңселерге өзгертуге мүмкіндік береді. Болашақта алып ғимараттарға компания кеңселері орналасып, ішінара технопарк құрылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, ЭКСПО – 2017 құрылысының бюджеті 3 млрд. АҚШ долларын құрайды. Инвестициялық қаржының көлемі 1,2 млрд. АҚШ доллары шамасында. Жыл аяғына дейін инвестициялық салымның көлемі көбейтілуі ықтимал. "Астана

ЭКСПО – 2017" ұлттық компаниясы өкілдерінің үежіне құлақ асар болсақ, жобаның құны көрмеге еш әсер етпеуі тиіс. ЭКСПО – 2017 жоғары технологиялық жоба болатындықтан, үлкен шығынды талап етеді. Оған кетер қаржыны – отандық компанияларды құрылысқа жұмылдырудың нәтижесінде үнемдеу мүмкін болуда. Қаржыны тиімді пайдаланудың өзге де жолдары қарастырылған. ЭКСПО көрмесін өткізген елдердің 5 млрд-тан 17 млрд еуроға дейін қаржы салғанын ескерер болсақ, қазақстандық көрменің бюджетті боларын аңғару қиын емес. Әмірліктен арнайы келгендер осы мәселеге ерекше мән беруде.

Өз кезегінде "Астана ЭКСПО – 2017" ұлттық компаниясы көрмені ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша Милан тәжірибесіне аса қызығушылық білдіреді. 2015 ж. 1 мамырдан бастап 31 қазанға дейін Миланда "Планета азығы, Өмір үшін энергия" атты тақырыппен Дүниежүзілік көрме өтеді. Италиядағы көрмеге Қазақстанның павильоны қойылады.

## Тобыл Торғай Тынысы

### Қыстың қамы жасалуда

**Облыста.** Биылғы жылу беру маусымына дейін облыс бойынша 16 шақырымнан астам жылу және 82 шақырым су және канализациялық желі, 1879 шақырым электр желісі жөнделмек. Тобыл өңірінің коммуналдық кәсіпорындары үшін 504 мың тонна көмір дайындалады. Сонымен қатар мамандар 102 жылу қазандықтары, 733 автономды жылу беру жүйесін тексеріп, қысқа жарамдылығын бағалайды.

### Комбинатта көлік аударылды

**Рудный.** Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының жұмыс алаңында жол-көлік оқиғасы болды. САТ өзі аударғыш көлігі К-702 тракторын басып озбақ болған. Бірақ ара қашықтықты дұрыс байқамаған болса керек, ауыр техника трактормен соқтығып қалған. Салдарынан трактор аударылып, екі жұмысшы қаза тапты. Қазіргі таңда оқиғаның себеп салдары анықталуда.

### Балабақшалар жөндеуге жабылады

**Қостанай қ.** Облыс орталығындағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің барлығы да жаздың екі айында жөндеуге жабылмақ. Бұл туралы қалалық білім бөлімінің өкілдері хабарлауда. Ағымдағы жөндеуге бөлінер қаржы биылғы жылы айтарлықтай қысқартылған. Бюджеттен небәрі 30 млн. теңге қарастырылыпты. Білім ошақтары осы қаржыға іші-сыртын бүтіндеп алуды жоспарлап отыр.

### Кенеден абай болыңыз!

**Облыста.** Мамандардың айтуынша, күн жылынып, көктем келісімен, әсіресе мамыр айында кенелер көбейетін көрінеді. Олар көбінесе ағашы қалың өскен жерлер мен шөбі бітік шыққан ормандарда көп кездеседі. Сондықтан, санитарлық мамандар тұрғындарға әзірге ормандарда, өзен жағалауларында демалмауды ескертеді. Себебі, қазірдің өзінде облыста кене шақты деген шағыммен 116 адам жүгінген.

### Сүт тағамдарының құнары артады

**Облыста.** "Лидер-2010" серіктестігі өндіріс ауқымын ұлғайтпақ. Сүт өнімдерін шығаратын кәсіпорында жақында жаңа цех іске қосылады. Соңғы үлгідегі технологиялық желінің басты ерекшелігі – сүт тағамдарының құнарлығын арттырып, сақталу мерзімін ұзартады. Яғни, өнімді алыс өңірлерге жеткізуге жол ашылады. Рудный қаласындағы "Лидер-2010" серіктестігі жылына 5 миллион келіге жуық сүт өнімдерін өндіреді. Қазір мұнда сүт тағамдарының 40 түрі шығарылады. Алдағы уақытта өнім түрін 50-ге жеткізу жоспарланыпты.

### Дөңгелек стол өтті

**Алтынсарин.** "ГРИН" Азаматтық Альянсы" қоғамдық қоры облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша аудан халқымен кездесіп, "Мемлекеттік этносаясатты іске асыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі" тақырыбында дөңгелек стол өткізді. Шараға ауданның этномәдени бірлестіктерінің өкілдері, ғалымдар, кітапханашылар, ішкі саясат, мәдениет және білім бөлімдерінің өкілдері, үкіметтік емес ұйым басшылары қатысты.

### Еңбек Ерін еске алды

**Қарасу.** Аудандық спорт мектебінде еркін күрестен балалар арасында Социалистік Еңбек Ері Аманкелді Исақовты еске алуға арналған облыстық турнир мәреге жетті. Жарысқа Сарыкөл, Денисов, Жітіқара, Науырзым, Қостанай қалаларының палуандарымен қатар Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облысының жас спортшылары қатысып, бақ сынасты.

## Айтыстың Аруанасы

Нұрболат  
МЕШІТБАЕВ

І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрында Қазақстанның мәдениет қайраткері, айтыскер ақын Әлпия Орманшинаның 60 жасқа толуына орай шығармашылық кеші өтті.

Бұл игі шараға Халықаралық "Алаш" сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, республикалық айтыстың жеңімпаздары Абаш Кәкенов, Айбек Қалиев, композитор-әнші Кеңес Ғалбасов сынды қонақтар келді.

Әп дегеннен кеш Әлпия Орманшинаның ақындар айтысына қатынасқан жас шағындағы сәттерін бейнелеген қысқаша қойылымнан басталды. Облыс әкімінің орынбасары Мұрат Дәрібаев құттықтау сөз сөйлеп, өнер иесінің өңір мәдениеті үшін еткен еселі еңбегін әңгімелеп, облыс әкімі Нұралы Садуақасовтың лебізін жеткізді.

– Сіздің төл өнеріміз айтысқа қосқан үлесіңізді біз жоғары бағалаймыз. Шәкірт тәрбиелеп, ақындыққа баулып, ұлттық өнерге жанашырлық танытып жүрген қажырлы қайрат-жігеріңізді құрметтейміз. Сол шәкірттеріңіздің дені облыс намысын жықпай та-



лай сөз додаларында бәйге алып жүр, – деді Мұрат Дәрібаев.

Бұдан кейін Жүрсін Ерман:

– Әлпия қазақтың тарихында алғаш Аруана мінген айтыскер ақын. Ол өзінің ерлік мінезімен, назды үнімен, ақындық болмысымен жарқ етіп көрінді. Айтар сөзі өлең болып өрілді. Замандастары, достары оның осы адамгершілікке толы дархан жүректігін сыйлайды. Әлпия өзі бертінгі кезге дейін айтысқа шығып жүрді ғой. Біз сол уақыттарда оны айтыстың аруанасы дейтінбіз, – деп оның батылдығын, ту-

рашылдығын да баяндап, Мұқағалидың үлгісінде жазылған "Әлпия қыз" деген арнау өлеңін оқып берді.

Серік Тұрғынбеков, Бүркіт Бекетов, Абаш Кәкеновтер де игі тілектерін жеткізіп, Әлпия ақынның өміріндегі қызықты сәттерін айтты.

Шығармашылық кеште айтыста, өлең-жыр да, ән-күй де орындалып, жиналған қауым ерекше әсерге бөленді.

**Суретті түсірген Айбек Жүзбай.**

## ● АЙМАҚ

## КӨЛЖАМЫС



Ауылдың дамуы тек мемлекеттік қолдауға ғана емес, сонымен қатар жергілікті жердегі азаматтардың іскерлігіне де тікелей байланысты. Аудан аумағында әр ауылдың өмір сүру бейнесінің өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Мәселен, аудан орталығынан 80 шақырым жерде орналасқан Көлқамыс ауылы өзге ауылдарға қарағанда мал шаруашылығын кеңінен дамыған құтты жер.



мен тұрақты айналысып отырады. Ауыл ішінде азын-аулақ шаруасын дөңгелентіп отырған шаруа қожалықтары өткізілетін мәдени-спорттық шаралардың қай-қайсысына да қолдау көрсететіндері құптарлық іс. Қыл үстінде тұрған ауылды биік белеске шығарып, тұрғындардың бірлігін сақтап қалған Кәкімжан ағамызға ел алғысы есепсіз жауған қардай. Кең пейіл дархандығы мен жомарттығын айтпағанның сыртында...

Әке – ұрпақ иесі, панасы, айбары, үй басшысы, асыраушысы және тәрбиешісі. Ол тек бір отбасы ғана емес, ауыл, ру қамқоршысы, үлкен-кішіге бірдей азамат, ел ағасы ретінде көрінеді. Сондықтан, әке тәрбиесі дұрыс та, мейірімді болу керек. "Әке көрген оқ жонар..." демекші, әкенің мінез құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, еңбекқорлығы баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Әкеге қарап ұл өсетіні өзгеден гөрі қазаққа мәлім. Әкесінің ізін жалғап, дөңгеленген шаруашылықты одан әрі дамытып, игілікті істің егесі атанған "Сыма-К" шаруа қожалығының жетекшісі Манат Кәкімжанұлы да аудан экономикасының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген азаматтардың бірі. Ауылдың хал-ахуалымен танысу үшін арнайы барғанымызда басында айтқан әңгімеміздің шындығына көз жеткіздік. Ауылдың ажары нұрланып тамырына қан жүгірген. Құрылысы былтырғы жылдың қазан айында басталып, желтоқсан айында пайдалануға берілген үйдің сыртқы келбетін айтпағанда ішкі келбеті көз тартарлықтай. Ішіне жылу құбыры тартылып, қабырғалары сырттан суық, іштен жылу жібермейтін арнайы материалдармен қапталған. Осы тамаша үйде

жұптары жарасқан ерлі-зайыпты Төлеміс Серікбол мен Сатай Гүлмахаббат тұрады екен. Олардың айтуынша, барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалған. Серікбол техниканың қыр-сырын толық меңгерген механизатор болса, Гүлмахаббат мектепте өден жуушы. Дәл сол үйдің оң жағында құрылысы аяқталуға жақын қалған шағын үй бар екен. Сол үйдің жөндеу жұмыстары жаз айында аяқталысымен "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы бойынша келген жас мамандарға тегін беріледі. Айтпақшы, Карбозов Манаттың жылына екі үйден салып отырамыз деген жоспары да ойға қонымды. Алға қойған жоспар іске асып жатса, ауданымыз үшін де өте тиімді болмақ.

"Біздің ауылға "Ақ бұлақ" бағдарламасы бойынша су құбырын тарту жоспары өзінше кейінге шегеріліп отыр. Сондықтан соған қарамастан ауыл тұрғындарының күшімен, өз қаражатымен барлық техникаларымды іске қосып, су құбырын орнатып, үй-үйге кіргізіп бердім. Сөз арасында айта кеткен жөн шығар, 2004 жылы ауыл мәдениетін дамыту мақсатында зәулімдей мәдениет үйін салдым. Қазіргі таңда жергілікті халыққа мереке сайын тұрақты қызмет жасап келеді. Артынша ел ағаларымен ақылдаса отырып, осы клубты ауданның иелігіне өткіздім. Өткен жылы аудан тарапынан қомақты қаражат бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал, өз шаруашылығыма тоқтар болсам, ел қатарлы ісім оңға басып келеді. Жалпы, Көлқамыс ауылында 31 отбасы тұрғылықты мекендеп отыр. Он адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмын. Жұмыскерлерімнің қолдарында азын-аулақ малдары бар. Еңбекқауыларын айтпағанда, қысқы мал азығы мен отындары да менің мойнымда. Қолымнан келгенше барлық жағдайларын жасауға тырысудамын. Бұл алғаш шаруа қожалығын құрған әкемнің ұстанымы. Оны өзгертуге менің хақым жоқ", – дейді шаруа қожалығының жетекшісі Манат Кәкімжанұлы.

Атына заты сай, төрт түлікке бай Манат ағамыз аудан шаруа қожалықтарының алдыңғы қатарында. 2012 жылы "Сыбаға" бағдарламасына қатысып, 16 млн. 200 мың теңге несие алған. Алынған несиеге 50 бас аналық, 8 бас (әулікөлдік) асыл тұқымды бұқа сатып алып, мал басын асылдандырып отыр. Үйір-үйір жылқыны қоспағанда, 50 бас түйесі бар. Қысқасы, төрт құбыласы тең шаруа қожалығынан кейінгілер үлгі алса игі. Шаруа қожалығының еншісінде 5 МТЗ тракторы, 1 КамАЗ, 2 ГАЗ-53 және 1 Урал автокөлігі бар. Осышама техникасы бар шаруа қожалығы мал азығын дайындау мәселесіне бас қатырмасы анық. Ауылдың сырт жағындағы шөп үйетін орында ұзындығы 200 метр болатын буылған шөптің шеті әлі көртілмеген де екен. Жылына, әрине шабындық жақсы болса, сегіз қатар жылып тұрады екен. Биылғы қыс өз қаһарына мініп, халықты қыспаққа алғаны белгілі. Аудан аумағындағы ауыл, ауылдық округтердегі қарапайым халық түгелі, ысқырығы желден басым жеке шаруа қожалықтары наурыз айынан бастап шөпсіз қалды. Өзіме ғана емес, өзге де болсын деген Манат Кәкімжанұлы барлық ауылдарды арзан бағадағы шөппен қамтыды. Тіпті, көршілес Аманкелді ауданы да Көлқамыстың шүйгін шөбінін дәмін татып үлгірді. Қожалық құрып, қожайын атанғанды дәреже сананнан гөрі, іскерлік пен ептілікті Манаттан үйренгеніміз жөн болар.

Бүгінде ауылды дамыту үшін мемлекет тарапынан айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатқаны анық. Әрине, көп жағдайда елді мекеннің орналасқан орны, инфрақұрылым да оның дамуында үлкен рөл атқарады. Дегенмен, даму көрсеткішіне жергілікті жердегі азаматтардың іскерлік деңгейінің де үлкен ықпалы бар екені сөзсіз.

**Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.**  
Жанкелдин ауданы.



## ● ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

# Гүлімнің өнімдері

### Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Қазір кілтін тапқан кәсіптің кез келгенін дөңгелетіп әкетеуге болады. Сапалы өнім, тауардың өтімі мен сол шығарған өнімінің бәсекеге қабілеттілігі нарықтағы өміршеңдікті дәлелдеді. Осындай кәсіпорындардың бірі – Лисаков қаласындағы "Жеңіс БЕК" ЖШС наубайханасы. Бір ауысымда шамамен 5-6 мың бөлкенан, 3-4 мың тәтті нан (булочка), 1 тонна печенье, басқа да ұннан жасалған өнімдерді пісіретін өндіріс орны қатардан қалмай жұмыс істеп келеді. Аманкелділік жеке кәсіпкер Мұбарак Шаяхметов Лисаков қаласында кәсібін осыдан 11 жыл бұрын бастаған екен.

– Зауытымыз осында жұмысын 2004 жылы бастады. Алғашқынан пісіретін құрылғыны Ресейдің "Восход" фирмасынан алдық. Осы қондырғыны іске асырып көруге бел будым. Бастапқы нәтиже жаман болған жоқ. Қазір нан-тоқаш өнімдері Лисаков тұрғындарының сұранысына ие. Сонымен қатар қалаға жақын жатқан ауылдардың 70 пайызын нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отырмыз. Күніне түрлі тоқаш, бөлкенан, пряник, торт, кекс, басқа да ұннан жасалған өнімдерді пісіреміз. Ертеңгілік қала орталығының сауда нүктелері, балабақшалар, медициналық мекемелердің сөрелеріне барып түсіп жатады, – деді "Жеңіс БЕК" ЖШС директорының орынбасары Гүлім Сандыбекова.

Кәсіпорын қазір қарқын алу үстінде. Бүгінде онда 70 адам еңбек етеді. Өндіріс орнына арнайы іссапармен барғанымызда, жұмысшылардың 70% қыз-келіншектер екенін білдік. Ер азаматтар да цехтарда жауапты қызметтерден орын алған. Алыс-жақын шетелдерден мамандар келіп, наубайханашыларға жаңа өнімдер жасаудың қыр-сырын үйретуде екен. Жақында Германиядан маман келіп, торттың бірнеше түрін жасаудан шеберлік тәжірибесін көрсетіп кетті.

Өндіріс орны бүгінде мемлекет тарапынан да көмектер көріп отыр. Бұған дейін үкімет 7 пайыздық жеңілдікпен қаржыландырған. "Даму" қоры арқылы мемлекеттен субсидия алса, қазір "Агробизнес-2020" бағдарламасына қатысуға өтініш білдіріп отыр.

Біздің өнімдердің нарыққа шыққанына көп болған жоқ. Сөйте тұра, жылдан-жылға нан өнімдерінен басқа кондитерлік өнімдерді көбейтіп жатырмыз. Кәсіпорын кекс, торт, печеньең 20 түрін шығарып келеді. Жалпы біздің наубайхана кондитерлік өнімнің 40 түрін, соның ішінде нанның 12 түрін шығарады. Әсіресе, құрамында сәбіз, күнбағыс дәні, күнжіт, сұлы қабыршықтары қосылған фитнес-нан және асқабақ дәні мен ашытқысы бар нан түрлері тұтынушылардың үлкен сұранысына ие. Қазірдің өзінде 5 түрмен шығатын "Американо" және 2 түрмен өндірілетін "Дора" печеньеңері кең тараған, – дейді Гүлім Сандыбекова.

Лисаков қаласы.

**СУРЕТТЕРДЕ: оператор Евгений Жеребцов жұмыс барысында; Эмеля Левке торт пісіруде.**



## “Дамудың” арқасында кәсібін дамытты

### Қарлығаш ОСПАНОВА

Әулиекөлде "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде 2012 жылдан бері 15 жоба іске асқан көрінеді. Сондай-ақ, өңірде "Даму" кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы несиеге қол жеткізіп, шаруасын дөңгелетіп отырғандар да баршылық. Солардың бірі – жеке кәсіпкер Жанар Торина.

Несиемен несібесін арттыруды көздеген ол 2007 жылы "Даму" кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы 2 млн. теңгеден астам несие алып, кәсібіне қажетті жабдықтарды сатып алады. Кейін несиеден өтеп болған соң, тағы да 9 млн. теңге алып, өздеріне жеке ғимарат сатып алады. Бүгінде бұлардың қолынан шыққан сапалы пластик есік-терезелерге деген сұраныс та жоғары.

– Бастапқыда жолдасым екеуміз кәсібімізді құрылыс материалдарын сататын дүкен ашудан бастаған едік. Өзім сонда сатушы болдым, кейін мен баламен үйде отырған соң, сатушы болмаған соң дүкенді жауып тастауға тура келді. Кейін жоғарыда аталған қор арқылы несие береді дегенді естіген соң, осы кәсіпті қолға алуды бастадық. Екі адамды жұмысқа алып, қаладан арнайы маманды шақыртып, олар пластик терезелер жасаудың қыр-сырын үйренді. Бүгінде оларды көнігі мамандар десек те болады, сондықтан да олар жасаған дүниелерін сапалы етіп жасауға тырысады. Өрине, басында біз сияқты пластик есік-терезе жасайтындар болған жоқ, сол себепті сұраныс та өте жоғары болды. Қазір де сұраныс жоқ емес, сапалы жасағандықтан болар аудан, ауыл тұрғындары бізге көптеп тапсырыс береді. Өрі біз қытайлық материалдарды мүлде пайдаланбаймыз, тек түрік профильдерімен ғана жұмыс жасаймыз. Сондай-ақ, қолма-қол ақшаға ғана емес, бөліп төлеуге де береміз. Өйткені, ауыл тұрғындарына осы ыңғайлы, – дейді жеке кәсіпкер Жанар Торина.

Бүгінде бұлардың өнімдеріне тек Әулиекөл ауданынан ғана емес, Есіл, Аманкелді, Жанкелдин, Науырзым, тіпті Қостанай қаласынан да тапсырыс беретіндер бар екен. Кәсіпкер осы кәсіптің арқасында алты адамды жұмыспен қамтып отыр, олардың еңбекақылары да жаман емес. Жанардың сіңілісі Жадыра да осы істің басы-қасында, жігіттерге қолқабыс қылып, өзінің көмегін тигізуде. Пластик терезелерге қажетті москитті торларды жасау соның мойнында. Мұндағы барлық жұмысшылар өз қызметтерін асқан жауапкершілікпен жасауға тырысады. Себебі, олар да сұраныстың жоғары болуы



сапаға байланысты екендігін жақсы түсінеді.

Осылайша, мемлекеттен қолдау тапқан жеке кәсіпкер Жанар Торина қазіргі несиеден толықтай өтеп болған соң, алдағы уақытта тағы да пайыздық мөлшерлемесі субсидияланған несие алып, бүгінгі кәсібін кеңейтуді көздейді.

Жалпы, бүгінде Әулиекөл ауданында екі мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі бар екен. Өткен жылдың өзінде ауданда жеке тіс кабинеті, металл құрастыру өндірістік цехы, гүлдер дүкені, сұлулық салоны, сауда үйі ашылған. Болашақта қонақүй, химиялық тазарту кешені, жүк көліктеріне арналған көлік тұрағы, ТҚС, жанар-жағар май стансасын ашу да жоспарланып отырған көрінеді.

Әулиекөл ауданы.

Суреттерді түсірген автор.

## ● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

# ЖАҢҒЫРЫҚ

**Күләй апа Қорғанқызы – сұрапыл жылдары тыл өмірінің небір тар жол, тайғақ кешуін бастан кешкен жан. Сексен жасында, дүниеден озар алдында өз аузынан жазып алынған ұзақ әңгімесінің бір үзігін назарларыңызға ұсынамыз**

«...Қостанайдан қырық шақырым жердегі Қызылағаш ауылында тұрдық. Соғыстың басталған кезі. Әкемізді майданға әкетті. Артында жылап-еңіреп біз қалдық. Көп ұзамай Қасен ағам да аттанып кетті.

Мен бар жоғы 15 жастамын, соған қарамастан ауыр жұмысқа салды. Қырдағы қатып қалған зілбатпан бидайды әуірімдеп айырмен көтереміз. Бас-аяғы 5-6 қыз-келіншекпіз, не күш бар бізде? Жанымыз қиналғанда егде әйел кісілерді көмекке шақырамыз. Комбайн ол кезде қолмен жүреді, екі ағашты қолыңа береді, сосын ересек әйелдер тұқым береді, ал біздер болсақ жоғарыдан тастап тұрамыз. Қанша жерден ауыр тисе де төздік, шыдамымыз шыңдалды.

Содан кейін оны қойып Ұрқия, Ділдеш үшемізді тракторға тіркемеші етті. Ағаларымыз Мырзатай, Мұса, Ескендір, Әлмаш тракторшылар. Бөрене көтеріп, майлап, содан шаң жұтып тіркемеде отырарсың. Түні бойы жұмыс істеп, таңертең үйге кетеміз.

Одан біздерді қырманға жекті. Астық көптіреміз, тиейміз, қаптаймыз. Сонда бар ғой, әбден шаршап құр сүлдеріміз қалса да, үйге ән салып келеміз. Осы күні ойлап отырсам, түсінбеймін, кейде күлкім келеді-ау. Жастығымыз ғой, мойымас, ертеңгі күнге деген сенім ғой ән салдырған!

Ол кезде тапқан табысың қолға тимейді. Бірақ қарын ашады, нан жеу керек. Жұмыстан сілең қатып келсеңде, тығып әкелген бидайымызды қол диірменмен тартып аламыз. Сабан жағып, пісіреміз де, төсектің

арасына тығып кетеміз.

Сол жылдары ауыл маңында қасқырлар көп болды. Олар торуылдап, мал түгіл адамды жеп кететіндей аш еді. Кішкентай інілеріміз Байжан мен Қажиды қасқырдан қорқып, қораның төбесіне шығарып кетеміз. Жандарына бір тобатай айран қоямыз. Ал кіп-кішкене Байжанның қарындасы Нұрсұлу масаға таланып бесікте жатады. Аузына қант араластырып биттей ғана нан тығып кетеді. Апам да, Рахима апам да колхоздың жұмысында, балаға қарау қайда!

Трактордың курсына біз соғыс жылдарында бардық. Әрбір колхоздан екіден қыз-келіншек шықты. Киров ауылынан Салтанат пен Жәңкөз шықты, Қызылағаштан жалғыз мен, Темірқазық ауылынан Сейтқалидың әйелі Іңкәш пен Маусымбайдың қарындасы шықты.

Алты ай оқыдық, жейтін тамағымыз үсіген картоп. «Селантивкада» балалы-шағалы Қожахмет деген ересек кісі оқытты.

Темірқазықта ағам Қасеннің мұғалім кезі. Бір күні біздің үйге келіп тұр, сөйтсем осы колхозға басқарма болып сайланған екен ғой. Жақсы кісі еді. Басқармамын деп қамшы үйірген жоқ. Елдегі жетім-жесір, жарлы-жақыбайларға қолдан келгенін аянбай жасады. Жылағанды жұбатты, қиналғанға дем берді. Содан кейін Қажен деген кісі басқарма болды. Одан «Силантиде» агроном болып тұрған жерден Кәкімнің әкесі Құсейін ағай келді. Одан Қаби гүрілдеп келді.

Менің ерім, шаңырағымыздың отағасы — Есім. Есімнің әкесі 37-жылы Абайдәлде көтерілісіне қатысқан деп ұстала кеткенде, бұл 18-20 жастағы жігіт екен. Жастайынан қиын-

шылық көріп, Торғайдан Шыршыққа жұмысқа алынып, ол жақта бір кісіге қолбала болып, көрікке жалданып жүргенде әскерге алынады. Әскерде қолбасшының жүргізушісі болып, 7 жыл қызмет етеді. Көрмегені жоқ. Әндіжан, Наманған, Қоқан, Кронштад, Ленинград дейсіз бе, бәрінде болған. Өтірік айтпаған, қолы ашық, іске тиянақты кісі еді. Еті тірі, досқа адал, ағайын-туысқа қамқор көпшіл еді. Соғыс жылдары жақсы қызметімен көзге түсіп, елге де келіп кеткен. Одан кейін де бейбіт тірлікте қол қусырып қарап отырған емес. Тіпті көз нұрынан айырылса да, ел жігіттерінен қалмай Украинаға барып, жылқы айдап әкеліп, елжұртқа арзанға беріп, көптің батасын алған еді.

Шүкір, бүгінде балаларымыз әрқайсысы өз түтінін түтетіп, бір-бір отбасына ие. Жанғабылдан — Ермек, Айманнан — Рамазан атты немерелерім ержетіп келеді.

Соғыстың алдында, одан кейін де ақын Сырбай Мәуленовтің отбасымен араласып тұрдық. Сырбайдың үйінде Мәриям Хәкімжанова апай бастаған кілең ақын-жазушылар келіп, ду-думандатып, көңілді бір серпіліп тастаушы еді. Сырбайдың әкесі Мәулен мен әйелі Алмагүлдің талай шапағатын көрдім. Бұрынғының адамдары кең де көпшіл болды.

Жеңіс тылдағы адамдардың жанкештілігінің арқасында болды. Сол жанкештілікте төзім, қайырым-мейірім қасиеттері отқа суарылып, темірдей шыңдалды. Біздің көргенімізді кейінгілерге көрсетпей-ақ қойсын. Жаратқан ием тыныштық пен бірліктен айырмасын!

## Әке естелігі

*Сәлеметсіздер ме, құрметті редакция қызметкерлері!*

*Мен Сіздерге үлкен бір өтінішпен хат жолдап отырмын.*

*Менің әкем Ұлы Отан соғысының ардагері болған. Бүгінгі күні өмірден өткеніне жиырма төрт жыл болды. Сол әкеме деген сағыныш сезімі бойымды баурап, құлазып жүрген күндерімде анамның үйінен бір жазба кітапшасын алып едім. Онда әкем өзінің өмірі туралы ұзақ жылдар жаза берген екен. Түбі артында қалған бала-шағасы өзінің ерлігі мен еңбек жолы туралы айтып жүрсін деген шығар.*

*Әкем туралы мәлімет:*

*Молдрахметов Туғанбай (Тухан аталып кеткен) 1918 жылы дүниеге келген.*

*Туған жері Қостанай облысы, Науырзым ауданы.*

**Сәлеммен, Айман АБДУЛИНА,**  
**«Денисов ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының міндетін атқарушы.**

## Майдангер дәптерінен



1939 жылы Ақтөбедегі №6 қазақ мектебін үздік бітіріп, Алматыдағы Киров атындағы университетке арыз жазып, август айының 20 шамасында ректор Тәжибаев деген кісінің қолы қойылған шақыру қағазын алдым. Әкемнің інісі Өтепқали — үлкен ағайым: «Елден ерте шетке кеттің, енді ұзама, үй бол», — деп, өтініш жасады. Оған келіспейтін едім, ол кездегі халықаралық жағдай шиеленіскен кез еді. Мен болсам әскер жасындағы міндетімді атқармай оқығандықтан кейінге қалған 21-дегі призывник-военнообязанныймын. Олай-бұлай соғыс болып кетсе, бізді алып кететінін жақсы түсінетінмін. Сондықтан ағайымды разы еткен болып, Қостанайда жаңа ашылған институтқа түсе салдым. (25/VIII 1939ж.)

Оның математика факультетінде қыркүйек, қазан айы ғана болдым. Финляндия соғысы басталып кетті де, замандастарымды да, мені де облыстық военком шақырып есепке алып, «До особого распоряжения» — деп, тіркеп қойды.

Енді оқу үзілетіні анық. Жолдастарды майданға күн сайын айдап жатыр. Октябрінің бас кезінде военкоматқа барып, арыз беріп, офицерлік оқуға кеттім. 1939 жылдың қазанынан 1941 жылдың 10 маусымына дейін Тюменьдегі жаяу әскер командирін дайындайтын училищеде оқып, (10/VI.1941ж) Тимошенко деген Маршал СССР-дың Қорғаныс наркомы бұйрығы бойынша: «Молдрахметову Тухану, 1918 г.р. присвоит звания лейтенанта. Направить командиром стрелкового взвода в часть 486 Ленинградского военного округа» — деген жолдама алып, (18/

VI.1941ж.) Тюменьнен Ленин қаласына жол тарттым. Сол жолда (20/VI-22/VI.1941 ж) Ленинградта болып, Ұлы Отан соғысының бірінші күнін Ленинград халқымен бірге көрдім. Северо-Запад деген майданның Ленин қаласын алыстағы қорғаушы топпен Луга бекініс шебінде майданда үш ай соғыста жүріп, күні-түні ұйқысыз, күлкісіз, фашистермен бетпе-бет шайқаста снайпер оғынан аяқтан ауыр жараландым. (25/VIII.1941ж) жолдастарымның көмегімен даланың көшпелі (ауруханасына) емханасына өлмей жетіп, Ленин қаласындағы Нева өзенінің сол жақ жиегіндегі Киров заводының Октябрінің 20 жылдығы атындағы емханасында емделіп, блокададан 2-3-ақ күн бұрын Молотов облысының Березняки қаласындағы емханаға ауыр жаралы ретінде мені шығарып салды. 1942 жылдың қаңтар айынан қайта сапқа тұрып, запастағы солдаттарды майданға дайындауға жарадым. Орта Азия әскери округінде Өзбекстанда, Қазақстанда ұлттық бөлімшелер ұйымдасқан, 1942 жылдан 1943 жылға дейін сол бөлімшелерде рота командирі болып қызмет етіп жүріп, жоғарғы командирлер дайындайтын әскери курс «Выстрел»-ді бітіріп, аға лейтенант лауазымын алдым. 1943 жылдың қазан-қараша айларында қайта майданға аттанып, 1943-1944 жылдары жау басып алған елдерді азат етумен 1944 жылғы шабуылдың кезінде Калинин, Прибалтика майданында шайқасып, Шығыс Пруссияға жетіп, екінші рет, қолдан, бауырдан ауыр жараланып, II топтағы мүгедек болып, соғыстың соңғы жылдарында шабуылмен фашистерді қуып, Беларусь, Польшаны ескі шекараға дейін азат етіп, Прибалтиканың елдерін түгел азат етуге қатысып, 1944 жылдың 18/XI елге оралдым. Сонымен 1939-1944 жж. 5 жыл Отан қорғау борышымды қанымды төгіп, денсаулығымды сарп етіп, адал орындадым. Қос орден, оннан астам медаль соның күесі.

(06.III.1991 жылы жазған)

## Әкешім – мақтанышым

Ұлы Отан соғысында алдыңғы шепте жүріп жанқиярлықпен шайқасқан ержүрек азаматтардың бірі, Торғай жерінің тумасы менің әкем Әбділдаұлы Қанапия еді. Көзінің тірісінде мені көп еркелетіп, ішкі жан сырын көп айтатын. Ол кісі Беларусь жерінде ерлікпен соғысқан. Бірнеше медаль, ордендердің иегері. Сонымен қатар жасаған ерліктері бағаланып, мерекелік медальдарымен марапатталған. «Отан соғысы» орденінің иегері. Қазіргі Беларусь президенті А.Лу-



кащенкодан бірнеше алғыс хаттар алды.

Соғыстан кейін туған жері «Еңбек» кеңшарына оралып, жүргізуші болып көп жыл еңбек етті. Марқұм әкемнен 14 бала, 41 немере, 25 шөбере өрбіді. Балаларын жеткізіп, абыройлы еңбек еткен әкешім 2005 жылы 88 жасында қайтыс болды.

Қайран әке, сіздің ерлігіңіз, еңбегіңіз мәңгі есімізде. Артыңыздан ерген немерелер «менің атам да соғыста болған» деп мақтанышпен еске алады.

**Сәуле ҚАНАПИЯҚЫЗЫ.**

# ҚҰҚЫҚТЫҚ МӨКТЕП



## Сот жүйесіндегі ЖАҢА БАСТАМА

Президентіміз: "Судьяларға қойылатын біліктілік талаптарын қатайту қажет. Судьялар корпусындағы орыннан үміткер кандидаттың нотариуста, полицияда емес, сот жүйесінде бес жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс. Кандидаттар негізгі жұмысынан босатылған негізде және бір жылдан кем емес мерзімде соттарда өтетін сот тағылымдамасы үшін шарт ретінде қатаң тестілік іріктеуден өтуі тиіс. Кез келген жоғары тұрған судья төменгі соттарда жұмыс істеп көруі керек. Сол сияқты қызметін жаңа бастаған судьялар үшін ұзақтығы бір жылдан кем емес сынақ мерзімін енгізу де маңызды, оны табысты өткеннен кейін олардың үздіктері судьялыққа сайланады" деді.

Елбасымыздың осы жиында сот жүйесіне қатысты айтылған бұл сөздерінен сот жүйесінің әділдігі мен ашықтығына, судьялыққа үміткер кандидаттарды таңдауда біліктілік талаптарының күшейтілуі арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға аса мән беріп отырғандығын көреміз. Яғни, бұл сот жүйесінің жұмысы барынша ашық болуы, БАҚ-пен өзара әрекеттестік жұмыстарын одан әрі арттыру мен тығыз байланыс орнату, осы арқылы халықтың сот билігіне деген сенімін арттыру, судьялық лауазымына тек өз ісінің даралары, барлық талаптардан өткен үздіктер ғана судья бола алады деген сөз.

Бүгінгі күні "Қазақстан-2050" Стратегиясы және "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауы бойынша да тапсырмалар жүзеге асырылуда. Осының нәтижесінде қазір тәуелсіз сот билігі нығайып келеді деп айтуымызға толық негіз бар. Осы маңызды құжаттарда Елбасымыз сот билігінің қызметін толық объективті және бейтарап жүзеге асырылуына бағдар беріп отыр. Кешегі "Нұр Отан" партиясының XVI съезінде Президентіміздің белгілеген реформалары "Қазақстан-2050" Стратегиясының туындысы іспеттес жалғасын тауып жатыр деп айтуға болады. Осыған орай, соттарға қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, аудандық соттың өз қызметі туралы ақпаратқа халықтың қол жетімділігін, ашықтығын қамтамасыз ету үшін жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қаралған істер бой-

ынша жедел ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету, істерді қарау мерзімдерін қысқарту мәселелері үнемі бақылауға алынып отыр. Қазіргі таңда заңмен белгіленген тәртіпте жабық сот отырысында қаралатын істерді қоспағанда, барлық сот отырыстары ашық түрде жүргізілуде. Бүгінгі күні соттың шығарған актілері сот отырысының қатысушыларына қолжетімді. Ол үшін ҚР Жоғарғы Сотының ресми сайтында "Сот кабинеті", "Сот құжаттарымен танысу", "Электронды бақылау өндірісі" сияқты сервистер қызмет етеді.

Сонымен қатар, аудандық сот тоқсан сайын бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен "ашық есік" күндерін өткізіп, БАҚ-да қаралған істер бойынша ақпараттарды жария етіп отырады. Оның сыртында сот ісін жүргізу тәртібінде қарауға жататын мәселелер бойынша сот төрағасы бекітілген кестеге сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдауын жүргізеді. Бұл іс шаралардың мақсаты – азаматтарды қабылдау арқылы халыққа заңнама нормаларына түсіндірме беру, сот жұмысын ұйымдастыруда алған кемшіліктерді анықтау және сот әділдігін жоғары деңгейде әрі сапалы іске асыру.

Құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі – сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығы. Бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатуға ҚР Жоғарғы Соты, Қостанай облыстық соты да аса мән беріп отыр.

Елбасымыз осы жиында соттарға қатысты мәселені көтергенде тағы да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың стратегиялық маңыздылығын атап өтіп, жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке төнген жойқын қатер екендігіне қоғам назарын аударды. Менің ойымша жемқорлықпен күрес – барша қазақстандықтардың маңызды міндеті. Сот әділдігінің мінсіз жүйесі мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясатының шешуші құралы – құқық үстемдігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмысқа барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз.

**А.ҚОЖАҚОВ,**

**Жанкелдин аудандық сотының судьясы.**

## Бейнебақылау ҚЫЛМЫСТЫ

### АЗАЙТА МА?



2012 жылы Лисаков қаласында бес бақылау камерасы болса, қазір олардың саны тоғызға жетті. Бұрындары қалалық ішкі істер бөлімінің басшылығы қала тіршілігін бейне бақылау құрылғысынан күні бойы бақылап отыратын жеке қызметкердің жоқтығын айтып алға тартушы еді. Қазір бұл мәселе шешімін тапты. Осыдан екі жыл бұрын қалалық әкімдік жанынан жедел басқару орталығы құрылды. Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, мұндай әкімдік ішінен ашылған орталық жалғыз Қостанай облысында әзірге біреу ғана.

Әкімдіктің бірінші қабатында орналасқан кабинетте компьютер, үлкен теледидар экраны, бейне бақылау дыбыстарын жазу құрылғылары бар. Осы заманауи құрылғыларды кезекпен Наталья Родионова мен Марпуга Вирц басқарады. Қала мен Октябрь поселкесінің көшелеріне де бейне бақылау камерасы қойылған.

Басқару қызметі күні-түні қосулы. Олар қоқыс лақтыру, ішімдік ішу сияқты барлық құқық бұзушылықтарды бақылап отырады. Түскен кез келген хабарламалар бірден Лисаков қалалық ішкі істер бөліміне түседі. Сондай-ақ, құқық бұзушылық фактісі бойынша барған полициягердің әрекеті де бейне бақылауға жазылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білугі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Әуликөл селосы, 1-Май көшесі, 44, № 8-кабинет, анықтама үшін телефондар: 21-006 Факс: 21-000 ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны осы әңгімелесуге жіберілгені туралы хабарлама алған күнінен бастап **5 жұмыс күннің ішінде** "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" ММ-де 36 кабинетте өтеді.

## Насыбайға

## Тыйым салынды

## Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Қазір бір кеселдің орнын екіншісі басқан заман. Темекі мен ішімдікке үйір ұрпақтың қамын ойлап, мемлекет 18 жасқа толмаған жасөспірімдерге алкоголь мен темекі өнімдерін сатуға тыйым салған еді. Шектеу мақсатында бағасын шарықтатып, салауатты өмірге шақырып әлек болды. Ал, халық болса қорқорға (кальян) әуестенді. Билік оны да шектеді. Одан бөлек, жас буын өкілдері зияны шылым мен есірткіден кем емес жасыл ұнтақты да жиі пайдаланатындығы жасырын емес. Дегенмен, насыбай атуды әдетке айналдырғандар үшін де 18 сәуір "қаралы күнге" айналды.

Себебі 18 сәуірден бастап "Денсаулық сақтау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" заң күшіне енді. Жаңа заң бойынша кейбір табак және алкоголь өнімдеріне шектеу қойылды. Соның ішінде құрамындағы никотин мен шайыр белгіленген мөлшерден асып кеткен табак өнімдерін шекарадан енгізу, өндіру, сату және таратуға тыйым салынды. Бұл қатарға бірінші кезекте насыбай жататыны белгілі. Десек те, оның орнын барлық санитарлық талаптар мен ережелерге сай дайындалған шекпей қолданылатын басқа табак өнімдері басуы мүмкін.

Халық қалаулылары мен Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан ғалымдарының үніне құлақ асып, бір шешімге келгені қуанып отыр. Енді базарлардың бұрыш-бұрышында шағын қапшықтарға салынып сатылатын насыбайға қойылатын тосқауыл – жастар болашағын алдын алудың айқын белгісі деп білейік.

Нотариус города Костанай Нуржанов Бакир Закирович сообщает об открытии наследства после смерти *Мусиной Лилии Павловны, умершей 23.09.2012 года* и просит наследников умершего обратиться к нотариусу для принятия наследства по адресу: г.Костанай, ул.Алтынсарина, дом 180, тел. 39-18-10.

**"Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (110000, Қостанай қаласы, Амангелді 93 "Б" көшесі, 405 кабинет, анықтама телефоны: 8(7142)392145, факс телефоны: 8(7142)392-147), электрондық пошта: ump@kostanay.gov.kz. "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:**

**1. "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жастармен және жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімнің бас маманы (Д-О-4, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы істеген жылдарына қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.**

**Қызметтік міндеттері:** Жастардың YEҰ деректер қорын қалыптастыру. Бөлім қызметі бойынша YEҰ әлеуметтік-маңызды жобаларының іске асырылуын мониторингілеу. Жастар ұйымдарымен әлеуметтік-маңызды жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жасау. Облыстың жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру. Жастардың YEҰ кеңестік-әдістемелік көмек көрсету. Жастар ұйымдарының қызметін мониторингілеу. Облыстық жастардың іс-шараларын өткізу. Жастардың YEҰ қызметі бойынша облыстық департаменттермен және басқармалармен, облыстың қалалары мен аудандарының ішкі саясат бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасау. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау бойынша қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, өткізілетін мемлекеттік сатып алулар бойынша техникалық ерекшеліктерді әзірлеу. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде бюджеттік қаражаттың тиімді, нысаналы жұмсалыну бақылау. Басқарманың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша іске асырылатын жастардың YEҰ жобаларының тиімділігін мониторингілеу. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орындайтын жастардың YEҰ ақпараттық, кеңестік, әдістемелік қолдау көрсету. Өкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалуы туралы

ралы ақпараттық-сараптамалық ақпаратты әзірлеу.

**Конкурсқа қатысушыларға талаптар:** Жоғары, гуманитарлық, педагогикалық, экономикалық.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының заңдарын "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғаларды қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын білугі.

Осы санаттардағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**2. "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ақпараттық-сараптама бөлімінің бас маманы, Д-О-4 санаты.**

Лауазымдық жалақысы істеген жылдарына қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

**Лауазымдық міндеттері:** Жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету. Медиа-жоспарлауды жүзеге асыру. Баспа және электронды БАҚ журналистер қосынымен тұрақты негізде іс-қимыл жасайды. Облыстық, республикалық және өңірлік БАҚ жастар саясатын көрсету бойынша мониторингілеуді жүзеге асырады. Ақпараттық үдерістерді және ақпараттық толқындарды басқаруды жүзеге асырады. Сараптамалық материалдарды БАҚ-та ілгері-

теді. Спикерлермен, сарапшылар қауымдастығымен өзара іс-қимыл жасайды. Облыстың жастар ортасында ақпараттық-насихат жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді. Басқарманың ақпараттық-әдістемелік материалдарын жинақтау, шолу, әзірлеу және шығаруды ұйымдастырады. Облыс әкімінің, басқа мекемелер мен ведомстволардың баспасөз қызметтерімен тұрақты байланыс орнатады. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма сайтының қызметін қамтамасыз етеді. Республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарының интернет-ресурстарында жастар саясатының көрсетілуін мониторингілеуді жүргізеді. Облыс әкімінің, Басқарманың сайтына жіберу үшін ақпараттық материалдарды жинайды және өңдейді. Облыс әкімінің интернет-порталын, блогын Басқарма қуырына енетін сурақтар бойынша мониторингілеуді жүзеге асырады. Әлеуметтік зерттеулерді жүргізуге қатысады.

**Конкурсқа қатысушыларға талаптар:** Жоғары, гуманитарлық: қоғамдық және педагогикалық ғылымдар, журналистика, экономикалық.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының заңдарын "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғаларды қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын білугі.

кеттің жаңа саяси бағытын білуі.

Осы санаттардағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік істері жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары негізінде өткізіледі (әрі қарай Қағидалар).

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай қаласы, Амангелді 93 "Б" көшесі мекенжайы бойынша "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" ММ-не ұсыну қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжатта-

рын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурс жариялаған "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінде, 403 кабинетте өтеді. Анықтама телефондары: 8(7142) 392145, факс 8 (7142) 392149, электрондық пошта: ump@kostanay.gov.kz.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" ММ кадрлармен жұмыс бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының кадрлармен жұмыс бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

«Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Науырзым ауданы Шолақсай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша демалысы кезеңіне), санаты Е-С-3, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** Аудан әкімінің, аудандық ұйымдардың әкімдері мен шешімдерін орындауға көмек көрсетеді. Ауыл тұрғындарына түрлі анықтамалар береді. Ауыл тұрғындарын тұрғылықты жерге тіркеуді жүзеге асырады. Шаруашылық кітаптары есебін жүргізеді. Қажеттілікке қарай халық санағын, мал және аулалық жер телімдері есебін жүргізу үшін үй-жайларды аралайды. Атаулы әлеуметтік көмек және МБЖ тағайындауға құжаттар дайындайды. Сайлаушылармен жұмыс жасайды, учаскелік сайлау комиссиясының жұмысын бақылауды жүзеге асырады. Ауылдық округ әкімі аппаратында іс қағаздарды жүргізеді. Ауылдық округ азаматтары өкілдерінің жиындарының хаттамаларын, ауылдық округ әкімімен өткізілетін кеңес хаттамаларын жүргізеді. Оралмандармен жұмыс жүргізеді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық, агрономия, тауартану, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету) білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық, агрономия, тауартану, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

- 1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** «Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Қараменді ауылы, Ш.Жәнібек көшесі 1, 206-кабинет, анықтама телефоны: (8-714-54) 79-0-17, факс 21-2-68, электрондық мекенжайы: nauirzum@kostanay.gov.kz ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** «Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты» ММ өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей «Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты» ММ персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Науырзым ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

## Мерейтой - 70!

Әулікөл ауданы, Сұлукөл (Юльевка) ауылының тұрғыны, аяулы анамыз, ардақты әжеміз **Қапеш Баяділқызы** мамыр айының 15 күні 70 жасқа толды.

Мерейтой иесін туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

*70 жасың құтты болсын бүгінгі күн мерейлі, Тілектерді айтайын бүлкілдегіп көмейді.*

*Ақ жаулығын ақылдың туы болған, Анашым, Періштелер әуимін деп тілегімді жебейді.*

*Шуылдассын айналып немерең мен шөберең, Шанырағың шайқалмай кеңейсін тағы керегеге.*

*Көретін әлі қызық көп, 100-ден ассын ғұмырың, Ортамызда отыршы ақылды беріп демеген.*

**Игі тілепкен: Ұлдары- келіндері, қыздары-күйеу балалары, немерелері.**



## Құттықтау!

Жанкелдин ауданының тұрғыны, әріптесіміз **Роза Сұлтанқызы!**

Сізді мамыражай мамыр айындағы елеулі жас елуден асып, асқаралы алпыс жасқа қадам басқан 55 жас туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге өмірдің бар тәттісін, отбасыңыздың бірлігін, ұрпақтарыңыздың рахат-тірлігін тілейміз.

*Туған жерің, өскен ортаң Өскеменің арайлы, Өскеменнен Шығысыңа күн сәулесі тарайды.*

*Шұғылалы нұр шарпыған, гүл жайнаған өлкенің, Қыздары да толған айдай арайлы.*

*Келін болдың киелі ел Торғайға, Торғайыма жетер сіре жер бар ма...*

*Бірі ағайын, бірі бауыр, дос- жаран, Бәрінің де жүректері ақ тілептен жаралған.*

*Қанша уақыт, қаншама жыл зулаған, Басыңдағы бағың тұрсын мәңгі аман.*

*Елу бес жас елу беске қосылып, Кемесінде бақыттың мәңгі жүзіп өтіңіз.*

**Игі тілепкен: Жанкелдин ауданының орталықтандырылған кітапханалар ұжымы.**



## ЕСКЕ АЛУ

Меңдікара ауданының Боровой кентінде туып өскен қадірменді азаматымыз **Қасымқан Қабылғазыұлы Кенжебайтегінің** о дүниелік болғанына 10 жыл толды.

Ол жүрегі кең, мейірімі мол, айналасына шуақ шашып жүретін азамат еді. Адамдардың бәрін дос, бәрін бауыр, бәрін туғандай көретін.

10 жыл болды өмірден өткеніңе, Артыңа бізді тастап кеткеніңе.

Өмірдің қызықтарын көре алмай, Жер-ана құшағында жатқаныңа.

Азаматымыздың көрмеген қызықтарын ұрпақтары көрсін деп, дұға бағыштап, сағынып еске алушылар: **Базарбике, Гауһар, Өзірхан, Бәтін, балалары, немерелері; жолдасы – Батырхан.**



**«Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі** бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды (2 орын):

**Басқарма басшысының орынбасары, D-0-2 санаты,** бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 125563 теңгеден 169767 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** коммуналдық меншік (мектеп, мәдениет үйлері, су құбырлары, инженерлік коммуникациялар және т.б.) объектілері құрылысы бойынша тапсырыс берушінің (бағдарлама әкімшісінің) функцияларын орындау; жобалау алдындағы жұмыстар, жобалау ұйымдарымен, банкермен, сараптамамен жұмыс; құрылыстың сметалық істерін және қаржыландыру ережелерін білу; құрылыстағы ҚНБ және нормаларды білу.

**Үйлестіру функциялары:** техникалық қадағалау бөлімінің жұмысына жалпы басшылық жасауды және жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары техникалық; инженер-құрылысшы.

Мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес; жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесінің болуы; мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес; осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы» «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қа-

зақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Бұқаларлық есеп және қаржыландыру бөлімінің бас маманы** (декреттік демалыс уақытына) **D-0-4** санаты, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** төлем құжаттарын дайындау және оларды қазынашылық органдарына өткізу; қабылданған міндеттемелерге (жасалынған келісім-шарттарға) тапсырыстарды қалыптастыру және оларды уақытылы қазынашылық органдарына жеткізу; субшоттар бойынша ББӨ барлық бюджеттік бағдарламаларының ақша қаражаттары қозғалысы есебін жүргізу; өнім берушілер мен мердігерлік субшоттар бойынша есеп айырысудың есебін жүргізу; өнім берушілер мен мердігерлік ұйымдармен өзара салыстырып-тексеру жүргізу; субшоттар бойынша қолма-қол ақшаның бақылау есебіндегі қаражаттар қозғалысының есебін жүргізу; субшоттар бойынша түскен тауарлардың есебін жүргізу; субшоттар бойынша іссапарлар мен шаруашылық шығындардың есебін жүргізу; еңбек төлемдері бойынша есептеулердің уақытылы есебін жүргізу; барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есепті құрау; активтер мен тауарлық-материалдық құндылықтардың инвентаризациялауды өткізуге қатысу; коммуналдық мүліктер бойынша активтерді реестрлеуді жүргізу және өкілетті органға уақытылы есеп беру; басқарманың салық декларациясын (есебін) жасау және оны уақытылы тапсыруды қамтамасыз ету; статистикалық есептерді жасау және оларды уақытылы статистикалық органдарға тапсыру; міндетті зейнетақы аударымдарының, әлеуметтік аударымдардың және басқа да салықтардың есебін жүргізу.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары: экономист, бухгалтер, қаржыгер.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Консти-

туциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажет басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурстық комиссияны қалыптастыру ережесінің негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Ереже).

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға мынадай құжаттарын тапсырады:**

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде «Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай қаласы, Өл-Фараби д-лы, 65, 8 қабат, анықтама телефоны: 8 (7142) 39-44-25, электрондық мекен-жай: usko@kostanay.gov.kz ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны «Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, Қостанай қаласы, Өл-Фараби д-лы, 65, 8 қабатта өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей «Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы» ММ кадрлар қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар «Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы» ММ кадрлар қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

## ● ОТБАСЫ – БАҚЫТ ОРДАСЫ

Адам баласының өмір жолы сан соқпақты. Тағдырдың не бұйыртып тұрғанын алдын ала болжап білу мүмкін емес. Десе де адам адамға мейірімді болса өзгенің өмірін өзгертуге болады. Бар болғаны айналамызға бейжай, безбүйрек болмасақ болғаны емес пе.

**Айтолқын  
АЙҚАДАМОВА**

Бүгінгі әңгімеміздің басы жүрекке ауыр тиеді. Тастанды бала, жетімдіктің көрмек дәмі, жәутең көз. Мұның бәрі бүгінде үйреншікті дүниеге айналып барады. Ең қорқыныштысы да осы. Күнделікті өмірде мұндай жағдайларды көп естігендіктен бәрі еш таңқалмайтын болып барамыз.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Артем әкесін білмей өсті. Әке деген оған мүлде таңсық. Ал анасы... Ол туралы айтудың өзі артық. Баласын дүниеге әкелгені болмаса балам деп өміреніп, бауырына басып, оның көлешегі мен тағдырына еш алаңдаған емес. Себебі, ол ащы суға салынып кеткелі қай заман. Дүниеге келген Артем әп-әдемі бала. Өзгелерден еш кемдігі жоқ. Бала әжесінің қолында өсті. Әттеген-айы, әжесі де ішкілікке салынған. Ал баланы қамқорлыққа алған кісілер бар. Содан бері ол Таран ауданындағы балаларға арналған мектеп-интернатында өсіп жатыр. Сабағына деген үлгерімі де жаман емес. Үнемі күліп жүреді. Бірақ қартайған әжесі немересіне қарай алмай, қамқорлыққа алған кісілер бас тартып, оның ендігі өмірі қыл үстінде тұр еді. Ешкімі жоқ жалғыз баланы балалар үйіне жіберуге құжаттар да дайындала бастады. Бұл жағдайдың арты не боларын сіз бен біз жақсы білеміз.

Осы интернаттың директоры Гүлсім Жұмағұлқызы мұнда 1999 жылдан бері жұмыс істейді. Ашық-жарқын кісі. Интернатта өскен барлық балалар ол кісіге жақын. Үйлеріне де барып, кіріп-шығып жүре береді. Тұрмыс құрып, үйленіп кеткендері әлі күнге араласады. Ал мына жағдай оны ойлантпай қоймады. Түк көрмегендей бейжай қарай алмады. Өзі Артемді ерекше жақсы көретін. Бала да апайына еркелеп тұратын. Қаршадай бала көз алдында балалар үйіне кеткелі тұр. Не істеу керек? Уақыт тығыз.

Гүлсім ойланды. Қазір өзі арашашы болмаса, баланың көлешегі бұлыңғыр.



Балалар үйінде тәрбие алады. Тасжүрек болып ер жетпесіне кім келіп бере алады. Ойлана келе отағасымен ақылдасуды шешті. Егер баланы өзі асырап алса не болмақ. Жолдасы Марат Шоңғалов өмір көрген адам. Мүмкін ойланар.

Марат Шоңғалов ауданда білім бөлімінде әдіскер. Екеуі төрт баланы жеткізген. Үлкен үш қызы бойжеткен. Төртінші ұлдары қазір 10-сыныпта оқиды. Келіншегінің ойын білгенде Марат ағамыз ойланып қалды. Өмірінде мұндай жағдайға тап боламын деп ойламапты да. Бөтен балаға бұлар жақыны бола ала ма, бауырларына баса ала ма? Сан сауал ойлантты. Оның сыртында баланың ұлты да бөлек. Әйелі мазасын алып қоймаған соң барып Артеммен танысуды шешті.

– Шынын айтқанда орыс дегенде көзі көк, сап-сары бала көз алдыма елестеген болатын. Қалайша орыс баланы жақсы көрем деп бірден шешім қабылдай алмадым. Әйелім: "көрші енді, әдемі бала, балалар үйіне кетіп қалайын деп тұр" деп шырылдаған соң бардым. Баланы бір көргеннен іш тарттым. Қаракөз өзіміздің баламыз сияқты. Көздері сондай мейірімді. Әйтеуір ішім жылып кетті. Кейде адам бөтен біреуді бір көргеннен жа-

қын тартады ғой, солай мен де бірден жүрегім елжірей кетті. Бірден аламыз дедім. Жанталасып барлық құжаттарды дайындап, қамқорлығымызға алдық. Баламызды үйге әкелдік, – дейді Марат ағай бүгінде сол кезді еске ала.

Бір жылдан бері Артем Шоңғаловтар отбасында өсіп келеді. Гүлсім апайды мама, Марат ағайды папа дейді екен. Руың кім десек, Таз дейді жымыып.

– Өзіміздің балаларымыз бар ғой. Алғашында кенже ұлым кішкене қарсылық білдірді. Енді үш қыздан кейін туған жалғыз ұлымыз. Бар көңіл соған бөлініп келді. Аздап түсінбестік болды. Бірақ қазір шүкір. Інісіндей көреді. Екеуі тез тіл табысып кетті. Маратты бірден папа деп кетті. Артемнің ең алғаш мама дегені әлі күнге есімде. Сол жылы балалар лагерьге баратын болды да біз Артемді де жібердік. Сол жақта он-он бес күндей болып келді. Үйге келісімен үйді сағынған ғой деймін үйге "мама, мама" деп кіріп келіп, мені құшақтап жатыр. Жүрегім өзіліп кетті. Көзіме жас келді. Осы баланың тағдырына арашашы болып қалғаным еш өкінбеймін. Біз Артемге барынша тәрбие беруге тырысып жатырмыз. Отбасы жылуын көрмеген, көп нәрсені білмейтін басында. Ақырында Марат

екеуіміз оның бәрін жөнге келтірдік. Қазір бәрін үйреніп алды. Ешкімнен кем емес. Папасынан бір елі қалмай көмектесіп жүргені, – дейді апайымыз.

Бүгінде Артем Шоңғаловтардың отбасында өсіп келеді. Тегі әлі ауыстырылма-са да сабақта "мен Шоңғаловпын" дейді екен. Егер бала көңілі осыны қалап тұрса ата-анасы өзгертіп беруге әзір. Егер түбі ер жеткен соң өз бетіммен кеткім келеді деп жатса ондай жағдайға да бұл кісілер дайын. Тек бастысы адам қылып, жақсы тәрбие беріп, жақсы бір азамат етіп шығарса болғаны.

– Жақында ауылдан анам келген болатын. Ол кісі де бұл жағдайды естігенде кішкене түсініспестік танытты. Баласыз емессің, өзгенің баласын бауырыңа баса аласың ба деп аздап уайымдады. Енді күні кеше үйімізге келіп, жатып кетті. Артемді өз немересіндей көрді. Артем адамның іші-бауырына кіріп тұратын, сондай сүйкімді бала. Құдай біледі, рахатты өз баламнан көрем бе, әлде осы баладан ба. Не болса да, еш күнәсі жоқ бір баланың өмірін өксітпеуге тырысып жатырмыз. Егер қазіргі кезде әрбір отбасы бір-бір баладан өз қамқорлықтарына алса, қаншама бүлдіршін жыламас еді. Қазір тыныштық заман ғой. Бір баланы асырап, бағуға шамамыз жетеді. Соғыс, аштық заманда да жетімдерді жылатпай, бауырына басқан емес пе?! Бастысы мейірімді, қайырымды болсақ екен, – деген ойын да айта кетті Артемнің әкесі Марат Шоңғалов.

**Ерлі-зайыптылардың екеуі де көп балалы отбасынан шыққан. Сондықтан оларға бала саны маңызды емес. Ең бастысы балалары бір-біріне қамқор, бауырмал, адал, жақсы азамат болып өссе болғаны. Ал, қалғаны алдағы уақыптың еншісінде. Құдай қаласа Артем де ер жетер. Осы көрген жақсылығын ол да айналасына шашар. Мейірімге қанып өскен ұрпақ қана ұлт қамын жемей ме. Ендеше тағдыры қиын балғындарға осындай ата-ана тілейміз. Бар болмайық. Бір-бірімізге мейірімді болайық.**

Таран ауданы.

**СУРЕТТЕ: Шоңғаловтар отбасы.**

## ● ОҚИҒА

## Өртте 15 адам қаза болды

**Махаббат  
БЕКБАЙ**

Облыстағы өрт жағдайы көңіл көншітпейді. Ағымдағы жылдың 4 айында 300-ге жуық өрт оқиғасы тіркелді. Келтірілген шығын 3 млн. 523 теңгені құрайды.

Облыста тіркелген өрт

оқиғаларының дені жеке тұрғын үйлерде болған. Сонымен қатар ауылшаруашылық нысандарында, әкімшілік және қоғамдық ғимараттар мен сауда нүктелерінде өрт оқиғалары жиілеп барады.

Азаматтардың электр құралдарын, пештерді орнату мен іске

қосу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау тілсіз жаудың пайда болу себептерінің бірі.

Өткен жылмен салыстырғанда тілсіз жаудан көз жұмғандар саны да артқан. 15 адам от жалыны астында қалып қойған. Мәселен, Рудный қаласында 7 адам өртеніп кеткен. Қостанай,

Қарабалық және Мөңдіқара аудандарында да адам өлімі тіркелген. Қостанай облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін уақытша атқарушы Виктор Шилердің сөзінше, от пайда болған жағдайда азаматтарды әуресарсаңға түсіп, дұрыс әрекет жа-

самауы қайғылы оқиғаға әкеп соқтырады. Сондай-ақ, мастық салдарынан өртеніп кететіндер де аз емес.

Құзырлы мекеме басшысы облыс әкімі алдында жауап беру барысында өрт оқиғаларының алдын алу мақсатында тұрғындар мен жасөспірімдер арасында түсінік жұмыстарын жүргізу белсенді жүріп жатқанын айтты. Сонымен қатар оқу-жаттығу іс-шаралары тұрақты ұйымдастырылатынын атап өтті.

**Меншік иесі:**

**“Қостанай таңы” газеті  
редакциясы” ЖШС**

**Директор-Бас редактор  
Жанұзақ  
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65  
Жауапты хатшы: 54-33-22

**Бөлімдер:**

Экономика: 54-73-36

Әлеумет және құқық:

54-47-28

Білім 54-28-42,

Мәдениет: 54-28-42

Әдебиет және тіл: 54-79-68



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-63-14

**Меншікті тілшілер:**

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдинде: 5-00-02

Рудныйда: 5-57-60

**Редакцияның  
мекенжайы:**

**110000, Қостанай қаласы,**

**Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Оффсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

**Индексі 54698. Таралымы 11388. Тапсырыс 1053.**

**Нөмірдің кезекші редакторы: Қарлығаш ОСПАНОВА.**